

Кеден органының тауарды жіктеу жөніндегі шешімін қабылдау ережесін және оның нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 385 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 14 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3892. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 474 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.21 № 474 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 46-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Қ а р а ң ы з . К 1 0 0 2 9 6

1. Қоса беріліп отырған Кеден органының тауарды жіктеу жөніндегі шешімін қабылдау ережесі және оның нысаны бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Кедендік кірістер басқармасы (Н.С.Жанарбаева) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.
3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Ұйымдастырушылық жұмыс және бақылау басқармасы (К.І.Махамбетов) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының орынбасары қалдырамын.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті Төрағасының 2006.07.12. N 240, 2007.12.27. N 486 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Б ұ й р ы қ т а р ы м е н .

5. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Т ө р а ғ а н ы ң

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі Кедендік
бақылау комитетінің төрағасы
міндетін атқарушының

Кеден органының тауарларды жіктеу жөніндегі шешімін қабылдау ережесі және оның нысандары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Кеден органының тауарды жіктеу жөніндегі шешімін қабылдау ережесі және оның нысаны (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 46-бабына және "Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 3 қыркүйектегі N 416 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде N 2517 болып тіркелген) мен Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына (бұдан әрі - СЭҚ ТН) сәйкес (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 567 қаулысы) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды жіктеу жөніндегі кеден органының шешімін қабылдау тәртібін айқындау мақсатында әзірленген.

2. Декларант тауарларды декларациялау кезінде жіктеуді жүк кедендік декларациясына тауарлар туралы мәліметтерді енгізу жолымен жүзеге асырады.

3. Кеден органдары кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүргізген кезде СЭҚ ТН-ге сәйкес тауарлардың дұрыс жіктелуін тексереді.

4. Тауарлардың кодтары СЭҚ ТН бойынша дұрыс көрсетілмеген жағдайда оларды декларациялау кезінде кеден органының декларанты осындай тауарларды дербес жіктеуге құқылы.

5. Тауарларды жіктеу жөніндегі шешімдерді кеден органдары осы Ережеде белгіленген тәртіппен қабылдайды.

2. Тауарларды жіктеу ережесі

6. Тауарларды жіктеу деп - қарастырылатын тауарларды СЭҚ ТН-ге сәйкес нақты тауарлық позицияларға, субпозицияларға, кіші позицияларға жатқызу деп түсіндіріледі. Тауарларды жіктеу негізгі белгілерге негізделіп жүргізіледі:

- 1) тауар атқаратын функция;
- 2) тауар жасалған материал.

Бұл ретте, СЭҚ ТН-ды түсіндірудің негізгі ережелерін қолданумен өңдеудің

дәрежесін және бөлімдерге, топтарға (оның ішінде тауар позицияларына ескертулерді қамтитын), субпозицияларға ескертулерді, сондай-ақ спецификалық жіктеу мәселелерін шешуге қызмет ететін қосымша ескертулерді есепке ала отырып тауарлық шағын субпозицияға тауарларды бірыңғай жатқызудың қағидаты сақталады.

7. Тауарларды жіктеу кезінде кеден органдары тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілетін мәліметтерді, сондай-ақ қорытындыларды, анықтамаларды, экспорт елінің ЖКД-ын, сараптамалық ұйымдар беретін, көмекші (ақпараттық) сипатта болатын және тауарларды жіктеу кезінде назарға алынатын сараптама актілерін п а й д а л а н а д ы .

Сондай-ақ, тауарларды жіктеу кезінде Дүниежүзілік кеден ұйымы Үйлестіру жүйесі комитетінің Жіктеу пікірлерінің компендиумы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің (бұдан әрі - Комитет) алдынала жіктеу шешімдерінің базасы, Комитеттің, Ресей Федерациясы Федералды кеден қызметінің, Дүниежүзілік кеден ұйымының түсіндірмелері де пайдаланылады.

8. Сараптама жүргізілген тауарларды жіктеу кезінде кеден зертханасы немесе сараптама бөлімі (бөлімшесі) сарапшысының, не тауарлардың тәуелсіз сараптамасын жүзеге асыратын тіркелген сынақ зертханасының тауарды зерттеулер нәтижесі туралы актісінің (анықтамасының) қорытындылары назарға алынады.

3. Кедендік ресімдеу бойынша операцияларды жүзеге асыратын кеден органы тиісті бөлімшелерінің тауарларды жіктеу жөніндегі шешімін қабылдау тәртібі

9. Кедендік ресімдеудің екінші кезеңінде ЖКД мен оған қоса берілетін құжаттарды тексеруді жүзеге асыратын кеден органының қызметкерінде (бұдан әрі - лауазымды адам) декларант СЭҚ ТН бойынша тауарлардың кодын дұрыс көрсетпегендігіне күдіктерге негіздер пайда болған жағдайда, тауарлардың кедендік ресімдеуін жүзеге асыратын лауазымды адам ЖКД бірінші бетінің артқы жағында "Тауарды жіктеу бойынша шешімнің қабылдануымен" деген жазбаны жасайды. Кеден органының тауарларды жіктеу жөніндегі шешімінің қ а б ы л д а н у ы н а н е г і з д е р :

1) декларант Қазақстан Республикасында кедендік ресімдеу мақсаттары үшін ЖКД-да мәлімдеген тауарлар кодтарының экспорттық ЖКД тауарларының кодтарына сәйкес келмеуі;

2) декларант ЖКД-да мәлімдеген тауарлар кодтарының тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілген тауарлардың кодтарына сәйкес келмеуі;

3) декларанттың СЭҚ ТН-ды түсіндірудің негізгі ережелерін бұзушылығы болып табылады.

10. Тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізетін кеден органының басшысы, не оны алмастыратын тұлға сараптама өткізу қажеттілігі туралы шешімді N 416 бұйрығында белгіленген тәртіппен қабылдайды.

11. Егер, сараптаманы өткізуде қажеттілік болмаған жағдайда, лауазымды адам ЖКД-ны тексеру басталған күнінен бастап екі күндік мерзімде осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес белгіленген нысанда, екі данада тауарды жіктеу жөніндегі шешімді шығарады. Тауарды жіктеу жөніндегі шешімге кедендік ресімдеуді жүргізетін кеден органының басшысы, не оны алмастыратын тұлға

қ о л қ о я д ы .

Кеден органдарының тауарларды жіктеу жөніндегі шешімдердің бланктері қатаң есептілік бланктері болып табылады, оларда осы Ереженің 1-1-қосымшасына сәйкес кеден органының кодын қоса алғанда баспаханалық әдіспен жасалған есептік сериясы мен нөмірі болады.

Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті Төрағасының 2007.12.27. N 486 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

12. Декларант тауарды жіктеу жөніндегі шешімге келіскен жағдайда, кеден органының рұқсатымен ЖКД-да мәлімделген мәліметтер өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін. Көрсетілген түзетулер ЖКД-ның электронды көшірмесінде де жүргізіледі.

13. Декларант тауарды жіктеу жөніндегі шешімге шағым келтірген жағдайда, сондай-ақ посткедендік бөлімшелер жүргізетін тексерулер барысында тауарларды дәйексіз жіктеу анықталған жағдайда, тауарды жіктеу жөніндегі шешімді кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган, облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана) бойынша кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері және кедендер қабылдайды. Уәкілетті орган тауарды жіктеу жөніндегі шешімді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің басқа бөлімшелерінің сұрау салулары, сондай-ақ мемлекеттік органдардың сұрау салулары бойынша қ а б ы л д а й д ы .

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті Төрағасының 2007.12.27. N 486 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

4. Тауарды жіктеу бойынша қабылданған шешімдердің есебін жүргізу

14. Кеден органы қабылдаған тауарларды жіктеу жөніндегі шешімдерінің есебін жүргізу мақсатында белгіленген нысан бойынша Кеден органының тауарларды жіктеу жөніндегі шешімдердің есебін жүргізу журналы осы ереженің 2-қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

Журнал номерленуі, тігілуі және кеден органының мөрі мен басшының қолы мен расталуы тиіс.

Тауарды жіктеу жөніндегі әр қабылданған шешімге осы Ережеге қосымшаға сәйкес тіркеу номері беріледі.

Кеден органының тауарларды жіктеу жөніндегі шешімін қабылдау ережесіне және

оның нысандарына 1-қосымша

Кеден органының тауарды жіктеу жөніндегі шешімі

1. Тауарды жіктеу жөніндегі шешімді қабылдаған кеден органының атауы	2. Декларант
3. Тіркеу номері ____ жылғы "____" XXXXX/XXXX	4. Берілген күні (күні, айы, жылы)
5. Тауардың атауы	6. Еуразия экономикалық одағы Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына сәйкес тауардың коды және атауы
7. Тауар туралы мәліметтер, тауардың сипаттамасы:	
8. Тауарды жіктеу (жүк кедендік декларацияның номері, ұсынылған тауарға ілеспе құжаттар, кедендік зертхана немесе сараптама бөлімі (бөлімшесі) сарапшысының қорытындысы, сараптама, не тауарлардың тәуелсіз сараптамасын жүзеге асыратын тіркелген сынақ зертханасының зерттеулері нәтижелері туралы актісінің (анықтамасының) номері) жөніндегі шешімді қабылдау негіздемесі:	
9. Қызметтік белгілер үшін (нормативтік актілерге сілтемелер, кеден органының шешімі):	
Орындаушы: _____ (лауазымы) (тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)	
Кеден органының басшысы: _____ (тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)	

Кеден органының тауарды жіктеу жөніндегі шешімін қабылдау ережесіне және оның нысанына

1-1-қосымша

Ескерту: 1-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті Төрағасының 2007.12.27. N 486 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес тауарларды жіктеу жөніндегі алдын ала шешім, кеден

құнын айқындау жөніндегі алдын ала шешім, тауарларды жіктеу жөніндегі кеден органының шешімі бланктерінің сериялары

N р/н	Кеден органдарының атауы	Бланктердің сериялары
1	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті	К Z
2	Астана қаласы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z А
3	Алматы қаласы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z Б
4	Ақмола облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z В
5	Алматы облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z Г
6	Ақтөбе облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z Д
7	Атырау облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z Е
8	Шығыс Қазақстан облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z Д
9	Жамбыл облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z З
10	Батыс Қазақстан облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z И
11	Қарағанды облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z Л
12	Қызылорда облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z М
13	Қостанай облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z Н
14	Маңғыстау облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z О
15	Павлодар облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z П
16	Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z С
17	Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z Т
18	"Байқоңыр" кедені	К Z У
19	"Достық" кедені	К Z X
20	"Астана-жаңа қала" кедені	KZЦ

Кеден органының тауарларды жіктеу жөніндегі шешімін қабылдау ережесіне және

оның нысандарына 2-қосымша

Кеден органының тауарларды жіктеу жөніндегі шешімдердің есебін жүргізу журналы


Жүк кеден-	Сыртқы эконо-мика-	Салық төлеушінің тіркеу	Тауарды жіктеу	Кеден органы қабылдаған Еуразия

Р/с N	д і к декла- рация- сының тіркеу номері	Дек- ла - рант- ты ң атауы	л ы қ қыз- метке қаты- сушы- лардың атауы	номері, сыртқы экономика- лық қызмет- ке қаты- сушының мекен-жайы	бойынша шешімді қабылдау к ү н і м е н тіркеу номері	Та- уар- дың ата- уы	экономикалық одағы Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номен- клатурасы бойынша та- уардың коды
1	2	3	4	5	6	7	9

Кеден органының тауарларды
жіктеу жөніндегі шешімін
қабылдау ережесіне және

оның нысандарына 3-қосымша

**Кеден органының тауарларды жіктеу жөніндегі
шешімдердің тіркеу номерлерінің нысаны**



1 - кеден органының коды

2 - кеден органының тауарды жіктеу жөніндегі шешімінің реттік номері;

3 - кеден органының тауарды жіктеу жөніндегі шешімін қабылдау күні.